М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты Сматова Алия Ералиевнаның 8D02310 (6D020500) – Филология білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипаты» атты тақырыптағы диссертациясына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); **2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);** 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Қорғауға ұсынылып отырған диссертацияның тақырыбы қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигманың, оның ішінде когнитивтік ономастика, лингвоконцептология және салғастырмалы топонимика салаларының даму бағыттарына сәйкес орындалған. Диссертант зерттеуді Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.5, 5.3.6-тармақтар), «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасына (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы) және «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасына сәйкес деп көрсетеді. Жер-су атауларын ұлттық тарихи-мәдени мұра, ұлттық бірегейлік пен тарихи жадтың тілдік көрінісі ретінде зерттеу аталған құжаттардағы міндеттермен тікелей үндеседі. Зерттеу тақырыбы қазіргі стратегиялық құжаттарға да толық сәйкес келеді: Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы) және Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы, 2024 жылғы

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
			14 маусымдағы №471 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен), онда «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» ғылымның басым бағыттарының бірі ретінде көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың зерттеу бағыты ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясындағы «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» мамандырылған бағытына да сәйкес келеді. Диссертация «8D023 – Тілдер және әдебиет» бағытындағы «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ішінара ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазақ және ағылшын топонимдерін лингвокогнитивтік тұрғыдан салғастыра зерттеуге арналған алғашқы жұмыстардың қатарына жатқызуға болады. Отандық ономастикада қазақ топонимдері лингвомәдени, этнолингвистикалық, лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттелгенімен, оларды типологиялық тұрғыдан алшақ, туыс емес ағылшын тілінің топонимиясымен концептілік деңгейде салғастыру қазақ тіл білімінде алғаш рет қолға алынып отыр. Осы тұрғыдан жұмыс салғастырмалы ономастика мен салғастырмалы когнитивтік ономастиканың дамуына елеулі үлес қосады. Диссертацияда екі тілдің топонимдік қорындағы түр-түс компоненті бар атаулардың жиілік көрсеткіштері (91-93-б.б.), «ата мекен», «қоныс», «ауыл», «дала» концептісі (2.1 тараушада), мысалы, «ауыл» концептісінің түр-тектік матрица моделі (110-113-б.б.), жан-жануарлардың атаулары компоненті ретінде (2.2 тарауша), мысалы, «жылқы» компоненті бар ағылшын топонимдерінің лексикалық

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
			құрамы (119-б.), топонимдік ақпарат түрлерінің жіктемесі (101-102-б.б.) ұсынылған. Сондай-ақ Қосымшада 100 респондент қатысқан салғастырмалы ассоциативтік эксперименттің нәтижелері берілген. Бұл нәтижелер аймақтық және салғастырмалы топонимика, лингвомәдениеттану салалары үшін маңызды.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзіндік ізденісі түр-түс атауларын сандық тұрғыдан талдауынан, мысалы, «жылқы» компоненті бар ағылшын топонимдерін жүйелеуінен, «ауыл» концептісін модельдеуінен, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы мен Ч.Диккенстің «Оливер Твист» романындағы топонимдік кеңістікті сипаттауынан, сондай-ақ ассоциативтік эксперимент ұйымдастыруы мен алынған нәтижесінің ғылыми түрде талдауынан көрінеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеудің өзектілігі негізделген. Диссертант топонимдерді халықтың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын және табиғи ортамен байланысын бейнелейтін тілдік бірліктер ретінде қарастырып, қазақ және ағылшын топонимдерін когнитивтік тұрғыдан салғастыру олардың семантикалық, номинациялық және этномәдени ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Салғастырмалы когнитивтік ономастика мен ономастикалық лингвоконцептологияның теориялық негіздерін екі тілдің материалымен дамыту қажеттілігі де орынды көрсетілген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды;	Диссертация мазмұнын құрайтын «Қазақ және ағылшын топонимдерін когнитивтік бағытта зерттеу», «Қазақ және ағылшын топонимиялық кеңістігінің концептілік құрылымы», «Қазақ және ағылшын

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
		2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	тілдеріндегі топонимдік концептілердің вербалдану ерекшеліктері» деп аталатын тараулар жалпы алғанда тақырыпты ашуға қызмет етеді. Кіріспеде аталған кейбір аспектілер, атап айтқанда, мифотопонимдердің этномәдени мазмұны, топонимдік номинацияның психолингвистикалық тетіктері, «тау», «су», «дала» концептілерінің когнитивтік матрицалары жұмыста негізінен бағыт ретінде белгіленген. Оларды жан-жақты зерттеу, сондай-ақ ағылшын топонимдерін аумақтық тұрғыдан (Англия, Ұлыбритания, ағылшын тілді елдер) жүйелі салғастыру – зерттеудің перспективалы бағыттары.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын топонимдерінің дүниенің тілдік бейнесіндегі орнын анықтау, топонимдік концептілердің этномәдени ерекшеліктерін ашу және екі халықтың жер-су атауларына қатысты білімдерін когнитивтік және лингвоконцептологиялық тұрғыдан жүйелеу. Мақсат пен оны жүзеге асыруға бағытталған жеті міндет диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Кейбір міндеттер (мысалы, 2, 5, 6-міндеттер) болашақта тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толықтай өзара байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертация тараулары зерттеудің ортақ логикалық жүйесіне негізделген: ол теориялық-тарихи аспектілерден концептілік құрылымға, содан кейін концептілердің вербалды деңгейде көрініс табуына қарай дамиды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар,	Диссертацияда сипаттау, жүйелеу, салғастырмалы-салыстырмалы,

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
		әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	когнитивтік және концептілік талдау, компоненттік талдау, статистикалық-жиілік әдістері дұрыс қолданылған. Автор топонимдік ақпараттың алты түрін (мекенжайлық, тілдік, этномәдени, ғылыми, тарихи-деректік, лингвоәлеуметтік) бөліп көрсетеді, «әлеуметтік ономастикалық концепт», «саяси ономастикалық концепт» терминдерін қажетті ғылыми еңбектірді сыни көзбен қарастырып, ғылыми айналымға енгізуді ұсынады (158-б.). Бұл ұсыныстар ғылыми жетекшісі Б.М.Тілеубердиевтің ономастикалық концепт, ұлттық когнитивтік база және концептіні модельдеу жөніндегі тұжырымдамасымен сабақтас. Болашақта автордың өз үлесін аталған тұжырымдамамен салыстыра отырып нақтылау, топонимдік ақпарат түрлерінің әрқайсысын жеке сипаттау ұсынылады.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қазақ және ағылшын топонимдері жеке алғанда жақсы зерттелгенімен, екі жүйені когнитивтік ономастика мен ономастикалық лингвоконцептология аясында жүйелі салыстырған еңбектер аз. Қорғауға ұсынылған еңбек қазақ және ағылшын топонимдері алғаш рет лингвокогнитивтік және лингвоконцептологиялық тұрғыдан салғастырмалы түрде зерттелді. Жұмыстың жаңа нәтижелеріне екі тілдің топонимдік кеңістігіндегі концептілер жүйесін салғастыру, түр-түс атауларының жиілік көрсеткіштерін анықтау, «жылқы» компоненті бар ағылшын топонимдерінің лексикалық құрамын сипаттау, «ауыл» концептісінің матрицалық моделін құру, топонимдік ақпарат түрлерін жіктеу және ассоциативтік эксперимент деректерін жатқызуға болады. Топонимдердің құрылымдық-морфологиялық және

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
			тақырыптық жіктемелері, екі тілдің топонимиясындағы тарихи қабаттар туралы мәліметтер зерттеудің теориялық негізін құрап, салғастырмалы талдаудың жаңа қырынан пайымдалған. Қол жеткізілген нәтижелер толығымен жаңа болып есептеледі.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары қазақ және ағылшын топонимдерін лингвокогнитивтік тұрғыдан салғастыра зерттеудің алғашқы нәтижелері ретінде жаңа болып табылады. Әсіресе түр-түс, «жануар», «өсімдік» концептілеріне, «ауыл» концептісін модельдеуге, топонимдік ақпарат түрлеріне қатысты тұжырымдар ғылыми жаңалыққа ие.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация филология саласында орындалғандықтан, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін ұсынуды көздемейді. Бұл критерий жұмысқа тікелей қолданылмайды.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/ішінара негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның негізгі қорытындылары қазақ және ағылшын тілдерінің топонимдік мысалдарына, лексикографиялық дереккөздерге (15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», V.Watts, A.D.Mills, P.H.Reaney сөздіктері т.б.) және көркем мәтіндерге сүйенеді. Диссертант фактілік материалды qualitative research негізінде жасауға әбден тырысқан. Дәлелдеме ретінде көптеген диаграммалар, кестелер берілген. Алайда, болашақта сандық деректердің дәлдігін арттыру үшін қазақ және ағылшын топонимдеріндегі түр-түс атауларын бірдей өлшеммен (іріктеме

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
			көлемін көрсете отырып) беру ұсынылады. Зерттеу материалын кеңейтіп, сандық талдауды тереңдету – жұмысты әрі қарай дамытудың маңызды болашақ бағыты.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген	Диссертацияда қорғауға жеті тұжырым ұсынылған. Олардың бір бөлігі жалпы теориялық сипатта тұжырымдалған, сондықтан жаңашылдығы мен тривиалды еместігі әр тұжырымда әртүрлі деңгейде көрінеді. Бірінші тұжырым: қазақ және ағылшын топонимдерінің қалыптасуы мен мағыналық дамуы тілдік және экстралингвистикалық факторлармен байланысты, географиялық атаулардың номинациялық негіздері халықтың тарихи-мәдени тәжірибесі, дүниетанымы және шаруашылық қызметі арқылы сипатталады. 7.1 дәлелденді; 7.2 ия; 7.3 жоқ; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденді ме? – ия. Екінші тұжырым: топонимдік номинацияның лингвокогнитивтік негіздері географиялық нысандар туралы білімнің тілдік бірліктер арқылы берілуінен көрінеді; топонимдер ұлттық тілдік бейнені қалыптастыруға қатысатын лингвомәдени бірліктер. 7.1 дәлелденді; 7.2 ия; 7.3 жоқ; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденді ме? – ия. Үшінші тұжырым: қазақ және ағылшын топонимиясының тарихи тілдік қабаттары әр халықтың тарихи дамуымен

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
		бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	және тілдік байланыстарымен сабақтасады; оларды салыстыру екі елдің топонимдік қорындағы ортақ және айырым белгілерді анықтауға мүмкіндік береді. 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия (салғастыру тұрғысынан); 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденді ме? – ия. Төртінші тұжырым: түр-түс, жануарлар мен өсімдіктерге қатысты топонимдер халықтардың табиғи ортаны қабылдауын, шаруашылық тәжірибесін және мәдени түсініктерін бейнелейді; оларды салыстырмалы талдау этномәдени ерекшеліктерді сипаттауға негіз болады. 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденді ме? – ия. Бесінші тұжырым: топонимиялық және мифонимиялық бірліктердің этномәдени мазмұны ұлттық дүниетаныммен және мәдени ассоциациялармен байланысты, олардың көркем мәтіндердегі қолданысы тарихи-мәдени ақпаратты жеткізу қызметімен ерекшеленеді. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденді ме? – жоқ (диссертацияда). Алтыншы тұжырым: «ауыл», «қоныс», «тау», «су», «дала» концептілері ұлттық топонимдік кеңістіктің когнитивтік құрылымын сипаттайтын негізгі категориялар; олардың когнитивтік

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
			матрицаларын модельдеу және топонимдік ақпаратты жіктеу концептілердің мағыналық құрамы мен өзара байланысын жүйелеуге мүмкіндік береді. 7.1 шамамен дәлелденді («ауыл» концептісі негізінде және «қоныс», «тау» концептілері толық емес); 7.2 жоқ; 7.3 ия; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденді ме? – диссертацияға алғаш рет еңгізіліп отыр. Жетінші тұжырым: қазақ және ағылшын топонимдерінің қалыптасуы мен өзгеруіне тарихи, әлеуметтік, саяси және идеологиялық факторлар ықпал етеді, сондықтан топонимдерді зерттеуде олардың тарихи контексі мен қоғамдық қызметі ескерілуі қажет. 7.1 дәлелденді; 7.2 ия; 7.3 жоқ; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденді ме? – ия.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Кіріспеде зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері тоғыз бағыт бойынша (жалпы тіл білімі, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, ономастика теориясы, қазақ, ағылшын топонимикасы т.б.) жүйеленіп, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері аталған; зерттеу әдістері көрсетілген. Таңдалған әдістеме зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар иллюстрациялық, көрнекі материал жеткілікті, дәйекті. Болашақта зерттеу материалының көлемін, дереккөздерін және іріктеу принциптерін нақты көрсету жұмыстың

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
			дәйектілігін арттыра түседі.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Жұмыста дәстүрлі лингвистикалық әдістермен заманғы әдістері қатар, яғни статистикалық-жиілік талдау жүргізіліп, нәтижелер диаграммалар түрінде берілген; ассоциативтік эксперимент деректері сипаттамалық статистика тәсілімен өңделген. Болашақта корпустық әдістер мен арнайы бағдарламалық құралдарды қолдану зерттеудің мүмкіндіктерін кеңейтеді.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық қорытындылары негізінен тілдік материалды сипаттау және талдау арқылы алынған. Қосымшада 100 респондент қатысқан ассоциативтік эксперимент (Ақтау, Сарыарқа, Қарасу, Blackpool, Whitehaven, Greenfield) жүргізілген, ол топонимдерді қабылдаудағы түс, табиғат және тарихи-мәдени ассоциациялардың ара салмағын көрсетеді.
		8.3 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы берілген.
		8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі саны жағынан жеткілікті: тізімде қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі 188 атау бар. Қазақ

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
		жеткілікті/жеткіліксіз	ономастикасы мен ағылшын топонимикасының іргелі еңбектері (А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ, Қ.Рысберген, Б.М.Тілеубердиев, В.Д.Беленькая, А.В.Суперанская, M.Gelling, C.Hough, A.D.Mills, V.Watts т.б.) қамтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Сматова Алия Ералиевнаның диссертациялық зерттеуінің теориялық маңызы бар: қазақ және ағылшын топонимдерін лингвокогнитивтік тұрғыдан салғастырған алғашқы жұмыс ретінде ол когнитивтік ономастика мен ономастикалық лингвоконцептологияның теориялық негіздерін салғастырмалы материалмен толықтырады, топонимдік концептілерді модельдеу, топонимдік ақпаратты жіктеу, түр-түс, зоо- және фитотопонимдердің этномәдени мазмұнын сипаттау мәселелеріне қатысты тұжырымдар ұсынады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелерін жалпы тіл білімі, лексикология, ономастика, топонимика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика пәндері бойынша дәрістер мен арнайы курстарда, оқу құралдарын әзірлеуде, сондай-ақ қазақ-ағылшын топонимдік сөздіктерін құрастыруда және аударма тәжірибесінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; **2**) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар негізінен оқу үдерісінде пайдалануға бағытталған. Болашақта зерттеу нәтижелері негізінде қазақ-ағылшын топонимдерінің салғастырмалы сөздігін немесе оқу құралын әзірлеу ұсынылады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияда ғылыми метатіл, когнитивтік лингвистика мен

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
		1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	ономастиканың терминологиясы қолданылған, мәтіннің едәуір бөлігі ғылыми стильде жазылған.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыстың жалпы оң бағасын түсірмей, зерттеуді әрі қарай дамытуға қатысты мына́дай ескертулерді айтуды жөн көреміз: 1. Мифотопонимдерді, топонимдік номинацияның психолингвистикалық тетіктерін, «тау», «су», «дала» концептілерінің когнитивтік матрицаларын болашақта жеке зерттеу нысаны ретінде тереңдете қарастыру. 2. Жұмысты қорғауға дайындау барысында кейбір сілтемелер мен әдебиеттер тізімін, техникалық жақтан сәйкестендіру, иллюстративтік материалдырды, мәтінді техникалық тұрғыдан редакциялау. Ұсыныстар ретінде: Болашақта соңғы жылдардағы шетелдік когнитивтік ономастика бойынша еңбектерді (мысалы, C.Hough (ed.) «The Oxford Handbook of Names and Naming», 2016; «Names», «Onoma» журналдарындағы жарияланымдар) кеңірек пайдалану зерттеудің теориялық негізін байыта түседі. Зерттеу нәтижелері негізінде қазақ-ағылшын топонимдерінің салғастырмалы сөздігін немесе оқу құралын әзірлеу. Аталған ескертулер мен ұсыныстар қазақ және ағылшын топонимдерін лингвокогнитивтік тұрғыдан алғаш рет салғастыра зерттеген жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді, керісінше, зерттеуді болашақта жалғастырудың перспективалы бағыттарын айқындайды.
12	Докторант мақалаларының		Диссертация дәстүрлі қолжазба нысанында ұсынылған, сондықтан бұл

р/с, №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
	зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда)		критерий жұмысқа толық көлемде қолданылмайды. Зерттеудің нәтижелері бойынша Scopus деректер базасына енген журналдарда 2 (екі) мақала («International Journal of Society, Culture and Language», 2026; «International Journal of Body, Mind and Culture», 2026), ҚР ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда 6 (алты) мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 3 (үш) баяндама жарияланған. Жарияланымдар көлемі мен деңгейі PhD дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Сматова Алия Ералиевнаның «Қазақ және ағылшын топонимиясының лингвоконцептологиялық сипаты» тақырыбындағы диссертациясы өзекті ғылыми мәселеге арналған, дербес орындалған, аяқталған ғылыми еңбек. Жұмыста алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы бар, олар ғылыми басылымдарда толық жарияланған. Айтылған ескертулер жұмыстың маңыздылығына әсер етпейді. Диссертация Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Сматова Алия Ералиевна 8D02310 (6D020500) – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеуге әбден болады.

Ресми рецензент:

_____филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті зерттеуші-пофессоры Мадиева Гульмира Баянжановна

Қолы _____ «09» қараша 2026 ж.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Сатыбекова Д.А. / D. Satt
«09» 11 2026 ж.